



АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ
БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ҚАУЛЫСЫ

16.03.2021 ж

Алматы қаласы

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ
ГОРОДА АЛМАТЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 10

город Алматы

«Алматы қаласында коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі іс-шараларды күшейту туралы» Алматы қаласы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 10.03.2021 жылғы №9 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Алматы қаласының эпидемиологиялық жағдайының нашарлауын, эпидемиологиялық жағдайды бағалау матрицасында қызыл аймаққа енуін, коронавирустық инфекцияның тәулігіне 300-ден астам жағдайы тіркелуін ескере отырып, Алматы қаласы тұрғындарының арасында COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуын оқшаулау мақсатында, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Алматы қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 10.03.2021 жылғы №9 қаулысында көрсетілген кейбір объектілер мен қызметтердің жұмыс режиміне осы қаулының №1 қосымшасына сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

2. Аудандардың әкімдері, мемлекеттік органдар, құқық қорғау және арнайы органдар, Алматы қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 10.03.2021 жылғы №9 және 16.03.2021 ж. № 10 қаулыларында көрсетілген режимді жүзеге асыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
4. Осы қаулы 2021 жылдың 19 наурызынан бастап күшіне енеді.

**Алматы қаласының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері**



Ж. Бекшин

Алматы қаласының
Бас мемлекеттік санитариялық
дәрігерінің 2021 жылғы
16 наурыздағы № 10
қаулысына 1-қосымша

Алматы қаласындағы кейбір әлеуметтік-экономикалық объектілердің және
қызметтердің шектеулері мен қызмет режимін өзгерту

№	Объектілер/салалар	Қызыл аймақ
1.	Қоғамдық көлік (қалалық және қала маңындағы бағыттар)	жұмыс күндері - штаттық режимде; жұмыс уақытын шектеу: демалыс және мереке күндері таңертең – сағат 6.00 дан 10.00-ге дейін; кешке – сағ. 17.00 ден 22.00-ге дейін.
2.	СОСО, сауда үйлері	сенбі, жексенбі күндері жұмысқа тыйым салынады; мереке күндері жұмыс уақытын шектеу - сағ. 10.00 ден 17.00-ге дейін; жұмыс күндері - сағ. 10.00 ден 21.00-ге дейін;
3.	Тамақ өнімдерін сататын супермаркеттер, гипермаркеттер, сауда желілері	жұмыс уақытын шектеу сағ. 06.00 ден 02.00-ге дейін;
4.	Азық-түлік дүкендері, шағын маркеттер	жұмыс уақытын шектеу сағ. 06.00 ден 24.00-ге дейін;
5.	Азық-түлік емес дүкендер (жеке тұрған)	жұмыс уақытын шектеу сағ. 09.00 ден 21.00-ге дейін;
6.	Жабық базарлар (азық-түлік, азық- түлік емес)	сенбі, жексенбі күндері жұмысқа тыйым салынады; жұмыс күндері жұмыс уақытын шектеу 06.00 ден 17.00 ге дейін; мереке күндері 10.00 ден 17.00 ге дейін;
7.	Ашық базарлар (азық-түлік, азық- түлік емес)	сенбі, жексенбі күндері жұмысқа тыйым салынады; жұмыс күндері жұмыс уақытын шектеу 06.00 ден 17.00 ге дейін; мереке күндері 10.00 ден 17.00 ге дейін;

8.	Қоғамдық тамақтану объектілері (үй-жайда), оның ішінде СОСО және СҮ-нде бөлек кірісімен	толтырылуы 50%-ға дейін, бірақ 30 орыннан асырмай сағ. 07:00-ден 21:00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат, бірақ 30 орынға дейін, жазғы алаңдарда – 50 орыннан артық емес Алып кетуге және жеткізуге уақытын шектеусіз
9.	Отыратын орны жоқ қоғамдық тамақтану объектілері (стационарлық емес, жылжымалы)	тек қана алып кету және жеткізу уақытын шектеусіз
10.	СОСО және СҮ-нде орналасқан қоғамдық тамақтану объектілері және фудкорттар	СОСО және СҮ-нен тыс жерлерге шығару және жеткізуге уақытын шектеусіз
11.	«Медеу» ЖТК	жаппай сырғанауға тыйым
12.	«Шымбұлақ» ТК	келушілерді 50%-ға азайту (1000 адамға дейін)
13.	«Шымбұлақ» ТК қоғамдық тамақтану объектілері	жұмыс істеуге рұқсат сағат 7.00-ден 21.00-ге дейін, тек жазғы алаңдарда, алып кетуге және жеткізуге уақытын шектеусіз
14.	Балалардың түзету бөлмелері, ересектер және балалардың білім беру орталықтары	тыйым салынады
15.	Банктер және де қаржы нарқының өзге нысандары, 20 және одан көп қызметкерлері болған жағдайда	күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режим шаралары қатаң сақталған жағдайда өндірістік қажеттілік болған кезде қызметкерлердің кемінде 40% - ы қашықтықтан жұмыс нысанына ауыса алатын филиалдарды (бөлімшелерді, пункттерді) қоспағанда, қызметкерлердің жалпы штат санының кемінде 60% - ын қашықтықтан жұмыс нысанына ауыстыру қамтамасыз етілсін
16.	ХҚКО, «Қазпошта» АҚ бөлімшелері	уақыт бойынша шектеу сағ. 09.00-ден 18.00-ге дейін, алдын ала жазу бойынша

17.	Мәдениет нысандары (репетиция)	тыйым салынады
18.	Театрлар, кинотеатрлар, концерттік залдар	тыйым салынады
19.	Облысаралық тұрақты емес (туристік) тасымалдар	тыйым салынады
20.	Қалалық тұрақты емес (туристік) тасымалдар	тыйым салынады
21.	Бильярдтер	тыйым салынады, «Ashyq» пилоттық жобасын жүзеге асыруға қатысушы нысандардан басқа
22.	Компьютерлік клубтар, боулингтер,	тыйым салынады, «Ashyq» пилоттық жобасын жүзеге асыруға қатысушы нысандардан басқа
23.	Цирктер	тыйым салынады
24.	Балалардың ойын-сауық орталықтары (ойын алаңдары, жабық үй-жайлардағы антракциондар), оның ішінде СОСО және СУ-нде орналасқандары	тыйым салынады
25.	Көрермендермен спорттық іс-шаралар өткізу	тыйым салынады
26.	Көрермендерсіз спорттық іс-шаралар өткізу	ақпараттық қамтамасыз етусіз, қатысушыларды COVID-19 ға міндетті ПТР зерттеу
27.	Еске алу өткізу	тыйым салынады
28.	Банкет залдары, түнгі, ойын және лото клубтары, караоке	тыйым салынады
29.	Көпшілік және бұқаралық іс-шаралар(конференциялар, форумдар, митингтер, жиындар, шерулер, пикеттер және т.б.), бір отбасы мүшелерінен артық адамдардың қатысуымен өткізілетін отбасылық, мерекелік, естелік іс-шаралар(тойлар, мерей тойлар, ұлттық ырымдар, туған күндер және т.б.)	тыйым салынады